

Ақшалай қаражаттар есебі

Сұрақтар

- 1. Ақшалай қаражаттары және олардың эквиваленттері
- 2. Кассадағы және ағымдағы банктік шоттағы ақшалардың есебі.
- 3. Ақшалай қаражаттардың түгендеуі.
- 4 Ақшалай қаражаттардың аудиті
 - 4.1 Кассалық операциялардың аудиті
 - 4.2 Банктік операциялардың аудиті



- **Ақша қаражаты** – бұл жоғары өтімді актив және жалпыға бірдей айырбас құралы, сонымен бірге барлық қалған активтерді бағалау мен есептеу негізі болып табылады. Ақша қаражаты міндеттемелерді тез арада өтеуге қабылетті болуы керек.
- Бухгалтерлік есептің №7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есеп» деп аталатын халықаралық стандартына сәйкес ақша қаражатына қаржылық ұйымдарда ағымдық шоттардағы ақша, қолма-қол купюралар, монеталар, валюта және айналымдық несиелік – ақшалай құжаттар жатады.
- **Ақша баламалары (эквиваленті)** – бұл ақшаларға ұқсас, бірақ басқаша жіктелетін активтер болып табылады. Оларға қазыналық вексельдер, овердрафт, коммерциялық қағаздар және депозиттік сертификаттар жатады. Түрлі ұсталымдар мен айыппұлдар ұйымның ақшалары қатарына жатқызылмайды.
- **Овердрафт** дегеніміз ұйымның иелігіндегі, яғни активті шоттың қалдығындағы сомадан артық сомада төлем төлеу нәтижесінде пайда болған кредиттік қалдық. Бұл сома қысқа мерзімді міндеттеме болып табылады және кредиторлық борыш ретінде есептеледі.

1000 «Ақшалай қаржылар» бөлімшесінің келесідей шоттары арналған:

- 1010 – «Кассадағы ақшалар»;
- 1020 – «Жолдағы ақшалай қаржылар»;
- 1030 – «Ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаржылар»;
- 1040 – «Карт шоттардағы ақшалай қаржылар»;
- 1050 – «Жинақ шоттарындағы ақшалай қаржылар»;
- 1060 – «Электрондық ақшалар»
- 1070 – «Басқа да ақшалай қаржылар».

Кассалық операциялар есебі

- Кәсіпорынның күнделікті ағымдағы шаруашылық іс-әрекетіне қажет нақты ақша кассада сақталады.
- Касса орналасқан үй-жайы кассалардың техникалық жағынан беріктігі және өрттен-сақтау сигнализация құралдарымен жарақтандыру жөніндегі талаптарға сәйкес оқшаулануға әрі жабдықталуға тиіс.



- Кассаға қабылданған нақты ақша КО-1 нысанындағы кассалық кіріс ордері бойынша кіріске алынады. Кассадан берілген нақты ақша КО-2 нысанында кәсіпорынның шығыс ордері куәландырады. Кәсіпорында кассаның кіріс және шығыс ордерлерінің мәлеметтері жүзеге асқан соң касса кітабына (КО-4) тіркеледі.
- Кассадағы операциялар есебі 1000 «Ақша қаражаты» бөлімшесінің 1010 «Кассадағы теңгемен ақша қаражаты» шотында жүргізіледі.



Кассадағы ақшалар есебі бойынша шоттар корреспонденциясы

Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Өнімдерді (қызметті, жұмысты) сатудан табыс алынды	1010	6010
Басқадай активтерді сатудан табыс алынды	1010	6210
Ағымдағы банктік шоттан ақша кассаға алынды	1010	1030
Алдағы кезең табыстары алынды	1010	3520,4420
Есеп беруге тиісті тұлғадан алынды	1010	1250
Аванстар алынды	1010	3510,4410
Кассадан банктік шотқа ақша тапсырылды	1030	1010
Басқадай кредиторлық қарыздар төленді	3390	1010
Іс-сапар шығындарына, шаруашылық шығындарына ақша берілді	1250	1010
Кассадан еңбек ақы берілді	3350	1010
Кассадан теңгемен жабдықтаушылар мен мердігерлерге төленді	3310,4110	1010



*Кассир —
материалдық
жауапты адам.*

*Ол касса
операцияларын
жүргізу тәртібімен
таныс болуға тиіс.*



Банктік операциялар есебі

- Қазақстан Республикасының банк мекемелері заңды тұлғалар арасындаға есеп айырысуларды жүргізу үшін және ақша қаражаттарын сақтау үшін теңгемен және шетел валютасында банктік шоттар ашады.
- **Банктік шот** – бұл клиентке банктік қызмет көрсету және ақша қабылдау туралы банк пен клиент арасындағы келісімдік қатынасты бекіту әдісі. Ұйымдар банктерде ағымдық, корреспонденттік, жинақтық, депозиттік және карт-шоттар аша алады.

- Банк мекемесі өзі қызмет көрсететін ұйымдармен келісе отырып, белгіленген мерзімде оларға **шоттың көшірмесін** жіберіп отырады.
- Осы көшірмемен бірге банктік шот бойынша жүргізілетін операциялардың негізі болып саналатын есеп айырысу құжаты да бірге беріледі.
- Ұйымдардың бухгалтериясында банк мекемесі берген шоттың көшірмесінде жазылған сомалардың дұрыстығы және олардың көшірмемен бірге берілген құжаттарға сәйкестігі тексеріледі.
- Ұйымдардың ағымдағы банктік шотындағы ақшалардың жұмсалуды №2 журнал- ордерде, ал шотқа кіріс етілген ақшалардың сомасы осы журналдың (№2 тізімдеме) тізімдемесінде есептеледі.
- Ағымдағы банктік шоты бойынша операциялардың есебі 1030 «Ағымдағы банктік шоттағы ақшалай қаржылар» шотында жүргізіледі.

Банкте есептік шот ашу үшін келесі құжаттарды ұсыну керек:

есептік
шотты ашуға
өтініш;

қол үлгілері
бар екі
карточка;

салық
мекемесінің
берген
құжаты:
кәсіпорынның
тіркелуін
көрсетеді;

юстиция
бөлімінен
берілген
құжат;

нотариуспен
куәландыры
лған жарғы
немесе
келісім
көшірмесі.

Ақшасыз есеп айырысудың мынадай негізгі нысандары ұсынылады:

*Төлем
тапсырмасы*

Чектер

*Төлем-талап-
тапсырмасы*

Аккредитивтер

*Векселдермен
есеп айырысу*

*Жиынтық
талаптар
арқылы есеп
айырысу*

**Ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаржылар
шоты бойынша шаруашылық
операцияларының шоттар корреспонденциясы**

Шаруашылық операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
1.Кассадан ақшалардың ағымдағы банк шотына түсуі	1030	1010
2.Сатып алушылардың дебиторлық қарыздарын жою есебінен түсуі: - қысқа мерзімді - ұзақ мерзімді	1030 1030	1210 2010
3. Қысқа мерзімді несиелер алынды	1030	3010, 3020
4.Жолдағы ақшалар ұйымның есеп айырысу шотына алынды	1030	1030
5.Жарғылық қорды толтыру үшін үлес қосушылардан келіп түскен ақшалар есеп айырысу шотына кіріске алынды	1030	5110
6.Алынған банк несиесі есеп айырысу шотына кірістелді	1030	3010,4010
7.Жабдықтаушылар мен мердігерлердің қарызы қайтарылды	3310,4110	1030
8.Бюджетке ҚҚС аударылды	3130	1030
9.Бюджетке корпоративтік табыс салығы аударылды	3110	1030
10.Басқа да кредиторлық қарыздар жойылды	3390, 4170	1030

Шетел валютасындағы ақша қаражаттарының есебі

Шетел валютасымен байланысты операциялар № 21 «Валюталық бағам өзгерістерінің әсері» ҚЕХС реттеледі.

Кәсіпорындарда шетел валютасындағы ақша қаражатының есебі 1032 «Банктегі ағымдық шоттағы валютамен ақша қаражаты» шотарында жүргізілуі мүмкін. Бұл шоттар активті. Бұл шоттардың дебетінде есепті мерзімнің басындағы және соңындағы шетел валютасымен ақша қаражатының қалдығы, шетел валютасымен түскен ақша қаражаты, ал кредитінде шыққан шетел валютасы көрсетіледі. Бұл шоттардың аналитикалық және синтетикалық есебі 1010 және 1030 шоттарындағы есеп тәріздес жүргізіледі.

№ 21 «Валюталық бағам өзгерістерінің әсері» ҚЕХС –на сәйкес, шетел валютасындағы операция шетел валютасында көрінетін және реттелетін мәміле болып табылады. Оған келесі мәмілелер жатады:

- бағасы шетел валютасында көрсетілген тауарлар мен қызметтерді сатып алғанда немесе сатқанда;
- алашақ немесе берешек сома шетел валютасында көрсетілгенде;
- валютаны айырбастау келісімін орындалмаған тарап болып табылса.

Бағамдық айырма – бұл бағам өзгерген жағдайда шетел валютасының дәл сол мөлшерін бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жүйесінде есептілік валютасында көрсету нәтижесінде пайда болған айырмашылық.

Ақшалай қаржылардың түгендеуі

Ақшалай қаржыларды түгендеу олардың сақтығын қамтамасыз ету, ақшалай операциялар бойынша операциялардың жүргізілуінің дұрыстығын тексеру мақсатында кәсіпорынның басшысымен бекітілген комиссиямен жүзеге асырылады. Түгендеу кезінде кассадағы ақшалардың және басқа да құндылықтардың нақты бары қаралады. Түгендеуде барлық ақшалай қаражаттар бойынша жүргізілген операциялардың толықтығы, дұрыстығы, нақты іс жүзінде бары және толтырылған құжаттардың дұрыстығы қаралады. Бағалықтардың нақты бары анықталып, құжаттардағы мәліметтермен салыстырылады. Түгендеу тізіміне барлық тексерілген құндылықтар жазылады. Түгендеу нәтижелерін шығарғанда ауытқулар, яғни артықшылықтар немесе жетіспеушіліктер анықталуы мүмкін. Мұндай артықшылықтар кіріске алынуы керек.

Ақшалай қаржылардың аудиті

Іс-тәжірибеде кездесетін, жасалу тәсілдері бойынша касса-банк операцияларының атқарылуы мен шот төлемдері процесіндегі қызмет бабын теріс пайдалану мен бұрмалаулар былайша жіктеледі:

1

- Ресімделген құжаттармен және қолхаттармен жасырылған және ештеңемен жасырылмаған ақшалай қаражатты тікелей ұрлау.

2

- Банктен, әртүрлі тұлғалар мен ұйымдардан кірістік ордерлер бойынша, басқа ұйымдардан сенімхат бойынша түскен ақшаны кіріске алмау және иемдену.

3

- Ақшаның жалған құжаттар бойынша негізсіз есептен шығару сомасын көбейтіп, заңды ресімделген құжаттардағы жалғандық.

4

- Әр түрлі тұлғалар мен ұйымдарға заңды есептелген соманы сіңіріп кету, соның ішінде еңбек ақыны, депонентті соманы негізсіз иелену.

5

- Контрагенттермен дайын өнім, тауар үшін қолма-қол ақшамен есеп айырысу, бақылаушы-кассалық ақпараттарды қолданбай, жұмыс орындау мен қызмет көрсету.

6

- Кассадағы ақшаны есептен шығару; бір құжатты қайтадан пайдалану; кассалық құжаттар мен есептерде жиынтықты дұрыс есептемеу.

Бұрмалаулар мен теріс пайдаланулардың алдын алу үшін мыналар талап етіледі:

1

банктегі есеп шот бойынша жазбаларды көшірмелерге тіркелген негіздемелермен үнемі салыстыру;

2

жабдықтаушылармен құжаттарды қарама-қарсы тексеру өткізіп, құжаттарды ресімдеуге талапты арттыру;

3

дебиторлармен және кредиторлармен, қызметкерлермен және басқа контрагенттермен есеп айырысуларды қайта тексеруді жүйелі жүргізу.

Кассалық операциялардың аудиті

Кассадағы операцияларды аудиторлық тексеру бағдарламасы

Аудит процедуралары	Ақпарат көздері
1. Ақша мен кассадағы басқа құндылықтардың бра жоғы мен жағдайын түгендеу	Касса ревизиясы бойынша комиссияны тағайындау, кассирді тағайындау туралы кәсіпорын басшысының бұйрықтары; кассирмен материалдық жауакершілік туралы шарт, кассалық құжаттар (КО-1, КО-5), аванстық есептер, кассаны түгендеу актілері, 1 тізімдеме, 1 журнал-ордер, Бас кітап және т.б
2. Кассалық операцияларды құжаттық рәсімдеудің дұрыстығын тексеру	Кассалық құжаттар (КО-1, КО-5), аванстық есептер, кассаны түгендеу, 1 журнал-ордерге 1 тізімдеме, Бас кітап және т.б.
3. Қолма-қол ақшаны кіріске алу мерзімділігі мен толықтылығын тексеру	Банк көшірмелері, чек кітапшалары, заңды және жеке тұлғалармен шарттар, банк көшірмелеріне тіркелген бастапқы құжаттар, кассалық құжаттар (КО-1, КО-5), 1 журнал-ордерге, 1 журнал-ордер, Бас кітап және т.б.
4. Ақшаны шығысқа есеппен шығарудың дұрыстығын тексеру	КО-1, КО-2, КО-3, КО-4, КО-5, 1 журнал-ордер, Бас кітап және т.б.
5. Бухгалтерлік есептегі шоттарда операцияларды көрсетудің дұрыстығын тексеру	Бастапқы құжаттар, 1 журнал-ордерге 1 тізімдеме, 1 журнал-ордер, Бас кітап және т.б. Аналитикалық кестені әзірлеу және тұжырымдар мен ұсыныстарды негіздеу
6. Кассалық операциялар аудиттің қорытындылары бойынша тұжырымдар мен ұсыныстарды әзірлеу.	Кассаны тексеру актісі, ескертулер, оларды жою туралы ұсыныстар

Банк операцияларының аудиті

Банктегі операцияларды аудиторлық тексеру бағдарламасы

Аудит процедуралары

Ақпарат көздері

1

2

1. Кәсіпорынның банктегі есептік, ағымдағы, валюталық және басқа да шоттар бар екендігін айқындау (бұл шоттар қандай банк мекемесінде ашылғанын)

Тестілеу материалдары

2. Банктегі ақша шоттарындағы операциялардың заңдылығын, анықтығын және шаруашылық мақсатқа сәйкестілігін тексеру

Заңды және жеке тұлғалармен шарттар, үкім қағазы және талап арыздар

3. Шотқа түскен ақшаны кіріске алудың дұрыстығын, уақтылығын және толықтығын тексеру

Банктің ақшалай-есептік құжаттары тіркелген көшірмелері, 2 журнал-ордер, 2 журнал-ордерге 2 тізімдеме (ведомость), Бас кітап, баланс және т.б.

4. Ұсынылған шоттарға төленген қаржының дұрыстығын, толықтығын және сәйкестігін тексеру

Банк көшірмелері мен бсаьапқы құжаттар

5. Бюджетке салық және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер аударудың уақтылығын тексеру

Төлем тапсырмалары мен талаптары

6. Банктен алынған және кассаға кіріске алынған, сондай-ақ оларды мақсатты пайдалануын тексеру

Кірістік ордерлер, кассалық құжаттарды және т.с.с. тіркеу журналы

7. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және әр түрлі кредиторлармен, соның ішінде банкпен несиелер бюджетпен салықтар бойынша есеп айырысудың мерзімін өткізіп алу себептерін анықтау

Өтемділік коэффициенттері, қаржылық тұрақтылықты есептеулер, шот-фактуралар, 1-3 журнал-ордерлер және оларға тізімдемелер

8. Кәсіпорынмен әрбір қолма-қол ақшасыз есептесу бойынша шарттық өзара қарым-қатынастардың сәйкестігін тексеру

Контрагенттермен шарттар, төлем тапсырмалары, банк көшірмелері, анықтамалы- нормативті ақпарат

9. Құжаттар мен жазбаларда көрсетілген ақшаның бар екендігі мен қозғалысы туралы мәліметтердің сәйкестігін тексеру

Бастапқы құжаттар, журнал-ордерлер, Бас кітап

10. Банк операциялары бойынша корреспонденцияларының дұрыстығын тексеру

шот Бухгалтерлік есепке алу шоттарының анықтамасы және корреспонденциясы

Бақылау сұрақтары:

- 1) Ақшалай қаржылармен есеп айырысу операцияларын ұйымдастыру мен есептеудің мақсаты.
- 2) Аккредитивтегі ақшалар есебі
- 3) Чек кітапшаларындағы ақшалар есебі.
- 4) Карт – шоттардағы ақшалар есебі
- 5) Банктердегі басқа да шоттарындағы ақшалар есебі.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!